

Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі N 42-8 Шешімі. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қазанда 101 нөмірімен тіркелді. Күші-жойылды Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 7 қыркүйектегі 2015 жылғы № 50-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Жамбыл облысы Сарысу ауданық мәслихатының 07.09.2015 жылғы № 50-4 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңатас қаласы және Сарысу ауданы бойынша жартылай шөлейт және шөлейт, тау бөктеріндегі-шөлейт-далалық, субтропикалық шөлейт және тау бөктеріндегі-шөлейт аймақтарда орналасқан селолық елді мекендерде жеке меншікке берілетін жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына екі есеге кемітетін түзету коэффициенті бекітілсін.

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
М. Төлепбеков*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
М. Есмаханов*